**Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 15 желтоқсанда № 14531 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бірлескен бұйрық 01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-1) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрінің 31.10.2024 № 11-1-4/612 және ҚР Ішкі істер министрінің 31.10.2024 № 872 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Қоса берілген Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушысының 2013 жылғы 5 наурыздағы № 08-1-1-1/71 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылы 7 наурыздағы № 175 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8407 болып тіркелген, 2013 жылғы 18 мамырдағы № 129 (28068) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті:

1) осы бірлескен бұйрықтың заңнамада көрсетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет"

ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялауға жіберуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары М.Б. Тілеубердіге және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Е.З. Тұрғымбаевқа жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы<br>Сыртқы істер министрінің<br>міндетін атқарушы<br>___________Е.Ашықбаев | Қазақстан Республикасының<br>Ішкі істер министрі<br>____________Қ.Қасымов |

"Келісілген"
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі
___________________Е. Сағадиев
2016 жылғы 8 желтоқсанда

"Келісілген"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
___________________Т. Дүйсенова
2016 жылғы 6 желтоқсанда

"Келісілген"
Қазақстан Республикасы
Дін істері және азаматтық қоғам министрі
___________________Н. Ермекбаев
2016 жылғы 9 желтоқсанда

"Келісілген"
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрі
___________________Ж. Қасымбек
2016 жылғы 5 желтоқсанда

"Келісілген"
Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы
__________________К. Мәсімов
2016 жылғы 30 қараша

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
міндетін атқарушысының
2016 жылғы 24 қарашадағы
№ 11-1-2/555 және
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2016 жылғы 28 қарашадағы
№ 1100 бірлескен бұйрығына
қосымша

**Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидалары**

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Сыртқы істер министрінің 31.10.2024 № 11-1-4/612 және ҚР Ішкі істер министрінің 31.10.2024 № 872 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Көші-қон туралы заң), "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметтер туралы заң) сәйкес әзірленді және Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың (бұдан әрі – виза алушылар) Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу Қазақстан Республикасының визаларын беру, жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту тәртібін, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу", "Қазақстан Республикасына кіруге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуге визалар беру, олардың мерзімін ұзарту" және "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан

Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету құқығына Қазақстан Республикасының аумағында визаны беру, қалпына келтіру және ұзарту" мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайды.

2. Егер, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда осы Қағидаларда қарастырылғаннан өзге қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтығы жоқ адам – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзінің басқа мемлекеттің азаматы болып табылатыны туралы дәлелі жоқ адам;

2) "Астана" халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі – АХҚО) – Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын дәл белгіленген шекарасы бар, қаржы саласындағы ерекше құқықтық режим қолданылатын Астана қаласының шегіндегі аумақ;

3) "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркі (бұдан әрі – "Астана Хаб") – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 12 шілдедегі № 250/НҚ ""Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркін айқындау туралы" бұйрығымен айқындаған, ақпараттандыру саласындағы инновациялық қызметті іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасалатын бірыңғай материалдық-техникалық кешенге меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иелік ететін заңды тұлға;

4) аумақтық полиция органдары - облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың Полиция департаменттерінің көші-қон қызметінің бөлімшелері және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – ҚР ІІМ) көлік полиция департаменттері (бұдан әрі – ҚР ІІМ АПО);

5) АХҚО-ның инвестициялық резиденті – АХҚО-ның инвестициялық салық резиденттігі бағдарламасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асырған, сондай-ақ " Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңында көзделген шарттарға сай келетін шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

6) бизнес – көшіп келушілер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында келген көшіп келушілер;

7) бұрынғы отандас – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында болған және шетелде тұрақты тұратын адам;

8) "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Бүркіт" БАЖ) – виза алушылардың Қазақстан Республикасына келуін-кетуін және болуын бақылау бойынша біріздендірілген ақпараттық жүйе;

9) вербалды нота – шет мемлекеттердің сыртқы саяси ведомстволарының, дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдардың және олардың өкілдіктерінің жазбаша өтініштері;

10) визалық көші-қон порталы (бұдан әрі – ВКП) – көші-қон процестерімен байланысты құжаттарды ресімдеуді автоматтандыруға арналған портал ( www.vmp.gov.kz);

11) діни қызмет – діндарлардың діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет;

12) келуге және кетуге берілетін рұқсат (бұдан әрі – виза) – осыған уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының көшіп-қонушының паспортындағы немесе оны ауыстыратын құжатындағы белгісі не осыған уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйедегі белгісі, ол визада белгіленген уақытқа, мақсаттарда және шарттармен Қазақстан Республикасының аумағына келуге, оның аумағы арқылы өтуге, онда болуға және Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге құқық береді;

13) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің нұсқауы (бұдан әрі – ҚР СІМ нұсқауы) – нақты міндеттерді шешу мақсатында және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және (немесе) Үкімет Аппаратының тапсырмаларына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің (бұдан әрі – шетелдік мекемелер), шет мемлекеттердің сыртқы саяси ведомстволарының, дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдар мен олардың өкілдіктерінің жазбаша өтініштерінің негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде (бұдан әрі – ҚР СІМ) және оның шет елдердегі мекемелерінде шақыруларды қабылдау және келісу, визаларды беру, күшін жою, қалпына келтіру, қолданылу мерзімдерін ұзарту немесе қысқартуды жүзеге асыру туралы Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің басшыларымен, ҚР СІМ Консулдық қызмет департаменті директорымен, директорының орынбасарларымен және паспорттық-визалық басқармасы басшысымен жедел шешім қабылдау үшін қабылданған жазбаша түрде ресімделген тапсырмалары;

14) қолдаухат – шақырушы тараптың, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасына келуге ниеті бар виза алушылардың жазбаша өтініштері;

15) ҚР ІІМ нұсқауы – нақты міндеттерді шешу мақсатында және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және (немесе) Үкімет Аппаратының тапсырмаларына, ҚР шет елдердегі мекемелерінің, мемлекеттік органдардың және ұйымдардың жазбаша өтініштері негізінде шақыруларды ресімдеу, визаларды беру, күшін жою, қалпына келтіру, ұзарту, қолданылу мерзімдерін ұзарту немесе қысқартуды

жүзеге асыру туралы ҚР ІІМ АПО Көші-қон қызметі комитетінің төрағасы (төрағаның орынбасарлары) жедел шешім қабылдау үшін қабылдаған жазбаша түрде ресімделген тапсырмалары;

16) маусымдық шетелдік жұмыскерлер – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 49 " Шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін және оны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31938 болып тіркелді) бекітілген тізбесіне сәйкес, климат немесе өзге де табиғат жағдайларына байланысты белгілі бір кезең (маусым) ішінде атқарылатын маусымдық жұмыстарды орындау үшін жұмыс берушілер 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге жұмысқа тартатын көшіп келушілер;

17) миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың дінге үндеу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі;

18) өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама ( бұдан әрі – біліктілік сәйкестігі туралы анықтама) – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 236 "Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту қағидаларын, шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін басым салалардың (экономикалық қызмет түрлерінің ) және олардағы сұранысқа ие кәсіптердің тізбесін бекіту туралы" бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32887 болып тіркелді) айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасында жұмысқа өз бетінше орналасу үшін экономиканың басым салаларындағы (экономикалық қызмет түрлеріндегі) сұранысқа ие кәсіптер бойынша біліктілік талаптары және білім деңгейі сәйкес келетін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға берілетін белгіленген нысандағы құжат;

19) тұрақты тұруға арналған рұқсат – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаған кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға ішкі істер органдары беретін және оларға Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұру құқығын беретін құжат;

20) уәкілетті қызметкер – қолдаухатты келісуге және визаларға қол қоюға құқығы бар ҚР шет елдердегі мекемелерінің, ҚР СІМ, ҚР ІІМ және ҚР ІІМ АПО қызметкерлері;

21) форс-мажорлық жағдайлар – төтенше және болмай қоймайтын жағдайлар салдарынан туындайтын еңсерілмейтін күш оқиғалары (дүлей апаттар, әскери әрекеттер, төтенше жағдай және басқа да ұқсас жағдайлар);

22) халықаралық өзара түсіністік қағидаты – екі мемлекеттің азаматтары үшін визаларды ресімдеу кезінде тең жағдайлар ұсыну;

23) халықаралық ұйым – мемлекетаралық немесе үкіметаралық ұйым;

24) шақырушы тарап – виза алушылардың Қазақстан Республикасына (-нан) келуіне (кетуіне) жәрдемдесетін Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары, облыстық әкімдердің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аппараттары, шет мемлекеттердің сыртқы саяси ведомстволары, дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, консулдық мекемелері, халықаралық ұйымдар және олардың өкілдіктері, сонымен қатар Қазақстан Республикасында тіркелген жеке және заңды тұлғалар;

25) шет елдердегі мекемелері – Қазақстан Республикасының шет елдерде орналасқан елшіліктері, дипломатиялық миссиялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері;

26) шақыру хат – Қазақстан Республикасына жеке істер бойынша келуге ҚР ІІМ берген шақыру, не болмаса виза алушыларға Қазақстан Республикасының визаларын беру туралы ҚР ІІМ-мен келісілген шақырушы тараптың қолдаухаты немесе вербалды нота;

27) шетелдік – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзінің басқа мемлекеттің азаматы болып табылатындығы туралы дәлелі бар адам;

28) этникалық қазақ – ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам.

4. Визаны санаты, алушы, мәртелігі, қолданылу мерзімі, Қазақстан Республикасының аумағында болу кезеңі, беру негіздері және визаны беруге қажетті құжаттар осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес анықталады.

5. Визалар бір мәртелі және көп мәртелі болып бөлінеді.

Бір мәртелі виза алушыға визада белгіленген мерзімге, мақсатқа және талапқа сәйкес Қазақстан Республикасына бір мәрте кіруге, оның аумағы арқылы өтуге, онда болуға және Қазақстан Республикасынан шығуға рұқсат береді.

Көп мәртелі виза алушыға визада белгіленген мерзімге, мақсатқа және талапқа сәйкес Қазақстан Республикасына көп мәрте кіруге, оның аумағы арқылы өтуге, онда болуға және Қазақстан Республикасынан шығуға рұқсат береді.

Қазақстан Республикасы аумағынан кетуге арналған визалар виза алушыға визада белгіленген мерзімге және талапқа сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында болуына және Қазақстан Республикасынан шығуға құқық береді.

6. Қазақстан Республикасының визалық жапсырмасын толтыру осы Қағидалардың 2 -қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

Визаларда түзетуге жол берілмейді. Түзетілген визалар жарамсыз болып саналады.

Визаны электронды форматта толтыру (бұдан әрі – электронды виза) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ВКП арқылы жүзеге асырылады.

7. Визалардың орнына жүретін құжаттар мыналар:

1) Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдар мен олардың өкілдіктерінің басшыларына, персонал мүшелеріне, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне ҚР СІМ берген аккредиттеу куәлігі;

2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұруына ыхтиярхаты;

3) азаматтығы жоқ адамның куәлігі;

4) соттың шетелдікті Қазақстан Республикасынан шығарып жіберу туралы қаулысы ;

5) жол жүру құжаты.

8. Осы Қағидаларда қарастырылғаннан басқа халықаралық өзара түсіністік қағидатын ескере отырып, Қазақстан Республикасында болу мерзімі Қазақстан Республикасының азаматтарының болу мемлекетінде болу мерзімінен аспайтын ұзақ мерзімді визалар берілуі және виза ресімдеу мерзімі ұзақ уақыт болуы мүмкін.

9. ҚР ІІМ АПО, ҚР СІМ және ҚР-дың шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Мемлекеттік қызметтер туралы заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингі ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметтер көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

"Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу", "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету құқығына Қазақстан Республикасының аумағында визаны беру, қалпына келтіру және ұзарту" мемлекеттік қызметтерді алушылар жеке немесе заңды тұлғалар болып табылады, " Қазақстан Республикасына кіруге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік өтуге визалар беру, олардың мерзімін ұзарту" мемлекеттік қызметті алушылар жеке тұлғалар болып табылады (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы).

## 2-тарау. Виза алушылардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларды ресімдеу, шақыруларды келісу тәртібі

10. Жеке істер бойынша шақыру Қазақстан Республикасына визаны алушының болжамды келу күніне 1 (бір) жылдан ерте емес және 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Қолдаухат немесе вербалды нота виза алушының Қазақстан Республикасына болжамды келу күніне күнтізбелік 90 күннен ерте емес және 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Шақыруды қарау мерзімі осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, өтініш білдірген күннен бастап электронды түрде қызмет көрсету кезінде – 3 жұмыс күнінен және қағаз түрінде – 5 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

ҚР ІІМ және ҚР СІМ нұсқауы бойынша шақыру құжаттары қысқа мерзімде қабылданады және өңделеді.

11. Шақыруды ресімдеу үшін шақырушы тарап осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кестені қоса отырып вербалды нотаны ҚР СІМ-ге ұсынады.

12. Шақырушы тарап шақыруды ресімдеу үшін ҚР ІІМ АПО-ға немесе " Азаматтарға арналған үкімет "Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы өзінің тіркелген жері бойынша өтінішхат және "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті мынадай құжаттарды ұсынады":

1) Қазақстан Республикасына жеке сапар бойынша келуге шақыруды ресімдеу үшін :

жеке басты куәландыратын құжат (салыстыру үшін);

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада толтырылған кесте ;

мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат (Мемлекеттік корпорацияға жүгінген және "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы мемлекеттік баж төленген жағдайда осы құжатты ұсыну талап етілмейді);

2) заңды тұлғаның не жеке кәсіпкердің шақыруын ресімдеу үшін:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада толтырылған кесте ;

мемлекеттік баждың төленгенін растайтын құжат (Мемлекеттік корпорацияға жүгінген және ЭҮТШ арқылы мемлекеттік бажды төлеген кезде осы құжатты ұсыну талап етілмейді);

өкілдің өкілеттігін растайтын құжат.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін мемлекеттік баж сомасын бюджетке төлегенін растайтын құжатты (ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайда) және басқа да қажетті мәліметтерді "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Қазақстан Республикасының зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін реттейтін заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мемлекеттік қызметтер туралы заңның 5-бабына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттар мен мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға

салыстыру үшін түпнұсқалары ұсынылған құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін талап етуге жол берілмейді.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңмен қорғалатын құпияны қамтитын, ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға көрсетілген қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

"Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 5-қосымшасында келтірілген.

13. Сұратылған визаның санатына қарай қосымша ұсынылады:

1) инвесторлар үшін – Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі уәкілетті органының немесе АХҚО Әкімшілігінің қолдаухаты;

2) іскерлік сапарға арналған көп мәртелік визаны ресімдеу үшін – Қазақстан Республикасына сапардың іскерлік сипатын растайтын шарттың немесе келісімшарттың көшірмесі (этникалық қазақтарды, бұрынғы отандастарды және осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес, визаларды ресімдеу кезінде шақыруды міндетті түрде көрсетуден босатылатын экономикасы дамыған, саяси және көші-қоны тұрақты мемлекеттердің (бұдан әрі – мемлекеттер тізімі) азаматтарын қоспағанда);

3) діни іс-шараларға қатысу немесе миссионерлік қызметті жүзеге асыру үшін – діни қызмет саласын жүзеге асыратын уәкілетті органдағы мекеменің жазбаша келісімі;

4) Қазақстан Республикасының аумағындағы түзету мекемелерінде жазасын өтеп жатқан адамдарға бару үшін – ҚР ІІМ қылмыстық-атқару жүйесінің жазбаша келісімі;

5) Қазақстан Республикасының азаматтарын асырап алу үшін – Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының жазбаша келісімі;

6) еңбек қызметін жүзеге асыру үшін, соның ішінде маусымдық шетелдік жұмыскерлер үшін – шақырушы тарапқа шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат, не біліктілік сәйкестігі туралы анықтама, не болмаса "Еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты талап етілмейтін адамдардың тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 ж. 23 карашадағы № 1041 қаулысына немесе халықаралық шарттарға сәйкес виза алушыға мұндай рұқсат талап етілмейтіндігі туралы құжаттар, сондай-ақ мынадай құжаттар қосымша ұсынылады:

қандастар үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-ө-м "Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8624 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша қандас куәлігінің көшірмесі мен түпнұсқасы немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

теңіз, өзен кемелері, әуе көлігі экипаждарының мүшелері, "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ерекше мәртебе беру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 Жарлығына сәйкес ерекше мәртебе берілген жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылар құрамы, сондай-ақ "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) белгіленген тәртіпте расталған құжаттары бар жоғары оқу орындарында басшылар лауазымдарында жұмыс істейтін, жоғары білімі бар және экономика саласында кадрларды даярлауды жүзеге асыратын оқытушылар үшін:

шетелдік қызметкермен еңбек келісімшартының көшірмесі;

АХҚО қатысушылары мен органдары тартатын адамдар үшін:

заңды тұлғаны АХҚО қолданыстағы құқығына сәйкес тіркеуді немесе аккредитациялауды растайтын сертификаттың көшірмесі;

шетелдік қызметкермен еңбек келісімшартының көшірмесі;

білім туралы құжаттарды тану қағидаларында белгіленген тәртіпте расталған құжаттары бар жоғары білімді, ұлттық басқару холдингінде құрылымдық бөліністердің басшыларынан төмен емес лауазымдарда жұмыс істейтін адамдар үшін Қазақстан Республикасында құрылымдық бөліністердің бірінші басшыларының шетелдік қызметкерді тағайындауы туралы ұлттық басқару холдингінің бұйрығы;

ұлттық басқару холдингінің директорлар кеңесі мүшелері ретінде жұмыс істеуге тартылатын адамдар үшін – ұлттық басқару холдингінің директорлар кеңесінің жалпы жиналысынан үзінді;

шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарының немесе өкілдіктерінің бірінші басшысы болып жұмыс істейтін адамдарға – шетелдік қызметкерді бірінші басшы етіп тағайындау туралы құрылтайшының шешімі не құрылтайшылардың жалпы жиналысынан үзінді;

олардың жарғылық капиталында шетелдік қатысудың жүз пайыз үлесімен қазақстандық заңды тұлғалардың бірінші басшылары болып жұмыс істейтін адамдарға – шетелдік қызметкерді Қазақстан Республикасында бірінші басшы етіп тағайындау туралы құрылтайшының шешімі не құрылтайшылардың жалпы жиналысынан үзінді;

олардың жарғылық капиталында шетелдік қатысудың жүз пайыз үлесімен қазақстандық заңды тұлғалардың бірінші басшыларының орынбасарлары болып жұмыс істейтін адамдарға – басшының орынбасары лауазымына жұмысқа қабылдау және тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі;

7) оқу практикасынан немесе тағылымдамадан өту үшін –Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының немесе "Астана Хаб" бағдарламалары бойынша оқудан өту үшін "Астана Хаб" қолдаухаты;

8) гуманитарлық уәждер бойынша – Қазақстан Республикасында тіркеуден өткенін растайтын халықаралық ұйымның немесе оның өкілдігінің құжаты, немесе гуманитарлық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шарты бар болғанда, болу елінің заңнамасына сәйкес ресми түрде тіркелген шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымның (қор) құжаттары;

9) білім алу үшін – Қазақстан Республикасының оқу мекемесінің немесе Қазақстан Республикасының білім беру мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарының қолдаухаты ;

10) жақын туыстарын күтіп-бағу үшін – денсаулық сақтау ұйымдарында емделіп жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары, немесе Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын виза алушылар үшін – Қазақстан Республикасында орналасқан денсаулық сақтау ұйымы берген – 026/е нысандағы анықтама және тұрақты күтіп-бағу қажеттілігі туралы құжаттары, сондай-ақ туыстық дәрежесін растайтын құжаттар.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 03.10.2025 № 11-1-4/584 және ҚР Ішкі істер министрінің 06.10.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

14. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарының толық топтамасын Мемлекеттік корпорация немесе ҚР ІІМ АПО-ның уәкілетті қызметкері арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріледі.

Өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсыру үшін кезек күтудің рұқсат етілген ең аз уақыты – 30 минут, Мемлекеттік корпорацияға – 15 минут.

Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе ) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері ҚР ІІМ АПО уәкілетті қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шақыруды ресімдеуге құжаттарды қабылдаудан бас тартуы туралы қолхат береді.

15. ҚР ІІМ АПО-да өтінішхатты қарау кезінде:

1) ұсынылған құжаттарға сұратылған сапар мақсатының, визаның мәртелігінің, жарамдылық мерзімінің және оны беру орнының сәйкестігі. Визаны беру орны, АХҚО қатысушылары мен органдарын, АХҚО инвестициялық резиденттерінің және олардың отбасы мүшелерінің, "Астана Хаб" жұмыскерлерін және оның қатысушыларын қоспағанда, виза алушының азаматтығына тиесілі елге қатысты консулдық округке сәйкес немесе мына шарттардың біреуі:

болу елінде тұрақты тұруға рұқсаты;

іскерлік және инвесторлық мақсаттары бойынша еңбек қызметін жүзеге асыруға, білім алуға, емделуде ұзақ болуына рұқсаты бар болған кезде тексеріледі.

ҚР СІМ қызмет көрсететін консулдық округтерін көрсете отырып, шет елдердегі мекемелерінің тізімін ҚР ІІМ-ге береді.

2) "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы ( бұдан әрі – Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы Заң) 22-бабының 7) және 10) тармақшаларына сәйкес шетелдікке Қазақстан Республикасына кіруіне бас тарту негіздерінің болуы;

3) осы Қағидалардың 18-тармағында көзделген "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы тұлғалардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздердің болуы .

Бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда ҚР ІІМ АПО-ның уәкілетті қызметкері көрсетілетін қызметті алушының келіп түскен құжаттарын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне (бұдан әрі – ҚР ҰҚК) келісуге жібереді.

ҚР ҰҚК өтінішті "Бүркіт" БАЖ арқылы 3 (үш) жұмыс күніне дейінгі мерзімде келісуді қамтамасыз етеді. Шақыруларды ресімдеу үшін негіздерді неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеу қажет болған жағдайда, ҚР ҰҚК органдарының жазбаша сұрау салуы бойынша көрсетілген мерзім күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейін ұзартылады .

ҚР ҰҚК-нен жауап алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде ҚР ІІМ АПО-ның уәкілетті қызметкері осы жауапты өңдеуді және Қазақстан Республикасына келуге шақыру беруді жүзеге асырады не "Қазақстан Республикасының визаларын беру бойынша қабылдаушы адамдардың шақыруларын қабылдау және келісу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша бас тартады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 03.10.2025 № 11-1-4/584 және ҚР Ішкі істер министрінің 06.10.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

16. Шақыру туралы құжаттар ресімделеді:

1) ҚР ІІМ немесе ҚР ІІМ АПО уәкілетті қызметкерінің қолымен куәландырылған және мөрмен бекітілген жеке істер бойынша шақыруды беру жолымен;

2) заңды тұлғаның қолдаухатының бірінші данасына ҚР ІІМ АПО уәкілетті қызметкерінің қолымен куәландырылған және мөрмен бекітілген келісу нөмірін қою жолымен. Қолдаухаттың екінші данасы мен қоса берілген құжаттар ҚР ІІМ АПО іс номенклатурасына тігіледі.

Шақырудың тіркеу нөмірі мен шақыруды беру күні туралы ақпарат "Бүркіт" БАЖ-ға енгізіледі.

17. Көші-қон туралы заңның 48-бабына сәйкес қабылдаушы тұлғалардың виза алушыларды шақыру туралы өтініштері, егер мұндай өтініш берілгенге дейін қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде қабылдаушы тұлғалар өздерінде болатын көшіп келушілер туралы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына уақытылы хабарламағаны, олардың Қазақстан Республикасында болу құқығына құжаттар ресімдеу және болудың белгілі бір мерзімі өткеннен кейін Қазақстан Республикасынан кетуін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдамағаны үшін екі және одан да көп рет жауаптылыққа тартылған болса, қаралмайды.

18. Шақыру құжаттарын ресімдеуді немесе оларды ресімдеуден бас тарту туралы шешімді ҚР ҰҚК-мен келіскеннен кейін, ҚР ІІМ АПО немесе ҚР СІМ (бас тартудан басқа) уәкілетті қызметкері қабылдайды.

## 3-тарау. Қазақстан Республикасының визаларын беру § Параграф 1. Виза алушылардың виза алу үшін ұсынатын құжаттары

19. Шет елдердегі мекемелерінде, ҚР СІМ-де немесе ҚР ІІМ АПО-да көрсетілетін қызметті алушының нақты орналасқан жері немесе шақырушы тараптың тіркелген орны бойынша визаларды беру үшін "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету құқығына Қазақстан Республикасының аумағында визаны беру, қалпына келтіру және ұзарту" мемлекеттік қызметі көрсетуге қажет мынадай құжаттар мен мәліметтер ұсынылады:

1) көлемі 3,5х4,5 сантиметр түрлі-түсті немесе қара-ақ фотосуреті бар виза алуға арналған визалық сауалнама;

2) ҚР шет елдердегі мекемелерінде немесе Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайында виза ресімдеу кезінде ҚР ІІМ АПО-да немесе ҚР СІМ-де тіркелген қолдаухаттың нөмірі және оны тіркеу күні (виза алушыға нөмірді және шақыруды беру күнін шақырушы тарап хабарлайды), немесе осы Қағидалардың 28-тармағында көзделген виза санаттарын алушылардың қолдаухаттары;

3) шет мемлекеттің жарамды дипломатиялық, қызметтік және шетелдік паспорты, не болмаса Қазақстан Республикасы осы қалыпта таныған және Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге құқық беретін жеке басты куәландыратын өзге құжат;

4) консулдық алым немесе мемлекеттік бажды төлегенін растайтын төлем құжатының түпнұсқасы;

5) 1-қосымшаға сәйкес виза алуға қажетті қосымша құжаттар.

Электрондық виза портал арқылы ВКП арқылы ресімделеді.

Электрондық визаны алу үшін ВКП-да тіркелу және мына мәліметтерді көрсете отырып, жеке деректерді толтыру жүзеге асырылады:

1) ҚР ІІМ-де тіркелген шақырудың нөмірі, күні (шақырудың нөмірі мен берілген күнін визаны алушыға шақырушы тарап хабарлайды);

2) консулдық алымды төлеу.

Шет мемлекеттің құзыретті мекемесі не оған арнайы уәкілеттік берілген тұлға өз құзыреті шегінде және оның белгіленген нысаны бойынша берген немесе куәландырған , шет мемлекеттің елтаңбалы мөрімен бекітілген құжаттар арнайы куәландыру рәсімінен өткеннен кейін ғана қабылданады (заңдастыру немесе апостильдеу).

"Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету құқығына Қазақстан Республикасының аумағында визаны беру, қалпына келтіру және ұзарту" мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 7-қосымшада келтірілген.

20. Визалық сауалнама қолмен анық немесе ВКП-ны пайдалану арқылы мемлекеттік, орыс, ағылшын тілінде осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылады.

Визалық сауалнаманың сұрақтарына жауаптар толық беріледі.

Визалық сауалнамаға виза алушының өзі қол қояды.

Кәмелетке толмаған балалардың атынан виза алу үшін визалық құжаттарға олардың заңды өкілдері қол қояды.

Құжаттарды ресімдеу кезінде, визалық сауалнамаға желімделетін фотосурет, бас киімді күнделікті кию олардың ұлттық немесе діни қатыстылығының міндетті белгісі болып табылатын шетелдіктерден басқа, шетелдік мұндай бас киіммен паспорттағы фотосуретте бейнеленген жағдайда, виза алушының фотосуреті жасына сай келуі және қара түсті көзілдіріксіз, бас киімсіз беті алдынан қарағанда адам анық бейнеленген болуы тиіс.

21. Виза алушының ұсынған паспорты келесі өлшемдерге сай келуі тиіс:

1) түпнұсқалығына және иесінікі екендігіне күмән келтірмеуге, белгілер, ескертпелер, жазбалар, өшірулер мен түзетулер, жыртылған немесе тігілген беттері болмауы тиіс;

2) Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге арналған виза алушыларды қоспағанда, визаларға арналған кемінде 2 таза бет болуы тиіс;

3) Қазақстан Республикасының аумағынан кету арналған виза алушыларды қоспағанда, қолданылу мерзімі сұратылған визаның қолданылу мерзімі аяқталу күнінен бастап 3 (үш) айдан бұрын аяқталмауы тиіс;

4) қолдану мерзімін ұзарту туралы белгілер болмауы тиіс.

22. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес шақыруға құжаттарды ресімдеу және визаны беру үшін, соның ішінде оның қолдану мерзімін ұзартуға және қалпына келтіруге консулдық алым немесе мемлекеттік баж алынады.

Салық кодексінде көзделген жағдайларда шақыру құжаттарын және виза ресімдеу үшін консулдық алым және мемлекеттік баж алынбайды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің 03.10.2025 № 11-1-4/584 және ҚР Ішкі істер министрінің 06.10.2025 № 749 (01.01.2026 қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

23. ҚР ІІМ АПО, ҚР СІМ және шет елдердегі мекемелерінің уәкілетті қызметкерлері құжаттар түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады .

Егер көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес пакетін және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынса, ҚР ІІМ АПО, ҚР СІМ және шет елдердегі мекемелерінің уәкілетті қызметкерлері өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Егер көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушы құжаттардың толық пакетін ұсынса, ҚР ІІМ АПО, ҚР СІМ және шет елдердегі мекемелерінің уәкілетті қызметкерлері тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат беріп, көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын олар түскен күні ҚР ҰҚК-ге осы Қағидалардың 40-тармағында белгіленген мерзімде келісуге жібереді.

ҚР ҰҚК-нен жауап алғаннан кейін, ҚР ІІМ АПО, ҚР СІМ және шет елдердегі мекемелерінің уәкілетті қызметкерлері келіп түскен жауапты 1 (бір) жұмыс күні ішінде өндеуді және тиісті санаттағы визаны беруді немесе виза беруден бас тартуды жүзеге асырады.

Виза беруден бас тарту негізі анықталған жағдайда ҚР ІІМ АПО және ҚР СІМ уәкілетті қызметкерлері 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға виза беруден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруіне мүмкіндік беру үшін өткізілетін тыңдаудың уақыты, күні мен орны, тәсілі туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама визаны беру немесе виза беруден бас тарту туралы шешім қабылдауға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының ҚР ІІМ АПО және ҚР СІМ уәкілетті қызметкерлерінің шешіміне қарсылық білдіру құқығы Қазақстан Республикасының

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен белгіленген тәртіппен хаттаманы ресімдей отырып, оны тыңдау жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 10.04.2025 № 11-1-4/215 және ҚР Ішкі істер министрінің 25.04.2025 № 331 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

### § Параграф 2. Визаларды беру тәртібі

24. Визалардың берілуі:

1) шетелдерде:

шет елдердегі мекемелері мынадай санаттардағы визаларды береді: "A1", "A2", "A3 ", "A4", "A5" , "A6", "B1", "B2", "B3", "B4", "B5", "B6", "B7", "B8", "B9", "B10", "B11", " B12", "B12-1", "B13", "C1", "C2", "C3", "C4", "C5", "C6", "C7", "C8", "C9", "C10", "C12";

2) Қазақстан Республикасының аумағында:

ҚР СІМ мынадай санаттардағы визаларды береді: "A1", "A2", "A3", "A4", "B10";

ҚР ІІМ АПО мынадай санаттардағы визаларды береді: "A5", "B2" (АХҚО қатысушылары және органдары үшін), "B3", "B7", "B8", "B9", "B14", "B15", "B16", " B17", "B18", "B19", "B20", "B21", "B22", "C1", "C3", "C4", "C9" (этникалық қазақтарға), "C11", және "C12";

ҚР ІІМ АПО Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында визалардың мынадай санаттарын береді:

"A1", "A2", "A3", "A4", "A5", "B1", "B2", "B3", "B5", "B7", "B10", "B11", "B12", "B13 ", "C3", "C8", "C9" және "C12";

3) ВКП арқылы:

бір мәртелік электрондық визалардың мынадай санаттары:

"A3", "A5", "B1", "B2", "B3", "B9-1", "B10", "B12", "C12".

25. Электрондық виза осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шақыру негізінде беріледі және тек виза алушы үшін жарамды және бірге жүретін адамдарға қолданылмайды. Паспортты ауыстырған кезде электрондық визаны қайтадан алу қажет.

Электрондық визаны ресімдеу уақыты – 1 (бір) жұмыс күні.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар жарамды электрондық визамен тек Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайлардағы бақылау пункттері арқылы Қазақстан Республикасының аумағына келеді және кетеді.

ВКП-ға электрондық визаны ресімдеу процесінде электрондық виза шақырушы тараптың шақыруында көрсетілген деректердің негізінде қалыптастырылады. Консулдық алым ЭҮТШ арқылы төленгеннен кейін, ресімделген виза көрсетілетін

қызметті алушының "жеке кабинетіне" түседі. Көрсетілетін қызметті алушы электрондық визаны ресімдеу алдында шақыруда көрсетілген ақпараттың паспорттық деректермен сәйкестігін салыстырып тексереді және растайды.

Қазақстан Республикасына келген кезде ресімделген электрондық визадағы және шетелдіктің паспортындағы ақпараттың сәйкессіздігі анықталған жағдайда, электрондық виза жарамсыз деп есептеледі.

Бір мәртелі электрондық қызметтік, инвесторлық, туристік, іскерлік, жеке сапарға арналған визалар және емделу үшін визалар осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес мемлекеттердің азаматтарына беріледі.

26. "С3" санатындағы визадан басқа ҚР ІІМ АПО визаларды беруді, күшін жоюды, қалпына келтіруді, мерзімін ұзартуды немесе қысқартуды виза алушының уақытша тұру орны немесе шақырушы тараптың тіркеу орны бойынша ("А5" санатындағы виза, виза алушының нақты болу орны бойынша), не болмаса ҚР ІІМ нұсқауы бойынша жүзеге асырады.

"С3" санатындағы алғашқы визаларды ҚР ІІМ АПО шақырушы тараптың тіркеу орны бойынша жүзеге асырады. Еңбек қызметі Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінде жүзеге асырылған жағдайда Қазақстан Республикасы ҚР ІІМ АПО "С3" санатындағы визаны жоюды, қалпына келтіруді, мерзімін ұзартуды немесе қысқартуды шетелдіктің уақытша тұру орны бойынша жүзеге асырады.

Визасыз келу тәртібі туралы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар бар елдерден, "Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысымен бекітілген, Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларының 17-тармағында көрсетілген мемлекеттерден (14 күнге дейінгі мерзімге визасыз режимі бар елдерді қоспағанда) Қазақстан Республикасына келген және ішкі істер органдарына Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсат алу үшін жүгінген азаматтарға "В8" және "В9" санатындағы виза өтінішхатты қарау үшін қажетті кезеңге, бірақ күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен асырмай беріледі. Виза соңғы берілген күннен бастап қатарынан күнтізбелік он екі айда бір рет беріледі.

ҚР ІІМ АПО АХҚО қатысушылары мен органдарына, "Астана Хаб" қатысушыларының жұмыскерлеріне немесе "Астана Хаб" жұмыскерлеріне "С3" визасын беруді, күшін жоюды, қалпына келтіруді, қолданылу мерзімін ұзартуды немесе

қысқартуды, сондай-ақ отбасы мүшелеріне "C3" визасын еңбек қызметін жүзеге асыру үшін бұрын берілген алғашқы визаларды ескермей "C3" визасына өзгертуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге арналған визалар, "B14" санатындағы визаны қоспағанда, виза алушының нақты болу орны бойынша беріледі.

Оқуға арналған визалар виза алушыны қабылдаған оқу мекемесінің орналасқан орны бойынша беріледі.

Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 03.10.2025 № 11-1-4/584 және ҚР Ішкі істер министрінің 06.10.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

27. Жұмыс уақытынан тыс кезде қабылданған ҚР СІМ және ҚР ІІМ нұсқаулары келесі жұмыс күні ресімделеді.

28. ҚР шет елдердегі мекемелері шақырусыз мына санаттағы визаларды келесі негізде береді:

1) ҚР СІМ нұсқауы – "A1", "A3", "B1" және "B3" (ҚР-дың шет елдердегі мекемелеріндегі басшыларының жазбаша нұсқауы бойынша "B3" санатындағы бір мәртелі виза беріледі);

2) вербалды нота – "A1", "A2", "A3", "A4", "B1", "B3" және "B10";

3) қолдаухат (осы Қағидалардың 1-қосымшасында көзделген құжаттар бар болған жағдайда визалардың санаттарына қарай):

мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтарына (бір мәртелі виза) – "A3", "B1", "B3", "B10", "B12" және көпмәртелі "B12-1";

бұрынғы отандастар (Қазақстан Республикасымен байланысын куәландыратын құжаттары, оның ішінде Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының немесе Қазақстан Республикасынның паспортында, туу туралы куәлігінде туған жері туралы бағанада тиісті белгінің болуы немесе некеге тұру туралы куәлігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту туралы анықтамасы бар болса) – "B10";

виза алушыларға – "B4", "B5", "B8", "B10" (жерлеуге немесе туысқанының және жақындарының ауруына байланысты, ҚР азаматтарының отбасы мүшелеріне немесе әке-шешелеріне, сондай-ақ олардың заңды өкілдеріне, этникалық қазақтардың отбасы мүшелеріне – бір мәртелі виза), "B13", "C1", "C2", "C4" (бір мәртелі виза 90 (тоқсан) күнтізбелік күнге дейін) және "C10".

29. Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы Заңның 23-бабымен белгіленген жағдайларда виза алушыға Қазақстан Республикасы аумағынан кетуге арналған виза беруден бас тартылады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сыртқы істер министрінің 03.10.2025 № 11-1-4/584 және ҚР Ішкі істер министрінің 06.10.2025 № 749 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

30. Қазақстан Республикасының аумағына келуге немесе Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге кедергі жасайтын негіздер, соның ішінде шақыру болған жағдайда да, визалар берілмейді, ал ресімделген виза Қазақстан Республикасына келуге немесе Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге негіз болып табылмайды.

31. Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларында ресми делегация мүшелеріне, Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері жоқ елдердің азаматтарына, сонымен қатар виза алушыларға шақыру негізінде немесе ҚР ІІМ нұсқауы бойынша ҚР ІІМ АПО береді.

Шет елдердегі мекемелері Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі жоқ шет мемлекеттің сыртқы саяси ведомствосының тиісті қолдаухаты (вербалды нотасы) болған кезде не ҚР СІМ-нің нұсқауы бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайын виза алу орны деп көрсетеді.

32. Топталған виза алушыларға ұйымдастырылған түрде Қазақстан Республикасына келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге немесе Қазақстан Республикасы арқылы транзитпен өтуге топтық визалар ресімделеді.

Топтың барлық мүшелері Қазақстан Республикасына кіруде, Қазақстан Республикасынан шығуда, қандайда бір пункте болуда және Қазақстан Республикасы аумағында жүруде, Мемлекеттік шекарадағы бақылау-өткізу пункті арқылы топ құрамында бір уақытта кіруі және шығуы топтық визаларды беру шарты болып табылады.

Топтық визалар осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аты-жөні тізімдері әліпбилік тәртіпте атаулы тізім ретінде ресімделеді.

Сонымен бірге, виза парақтың артқы жағына немесе жеке бір параққа желімделеді және бұл парақ тізіммен бірге үстіңгі сол жақ бұрышы бүгіліп тігіледі, виза беруші ҚР шетелдегі мекемесінің, ҚР СІМ-нің және ҚР ІІМ АПО-нің мөрімен бекітеді.

Уәкілетті қызметкер тізімнің төменгі жағына (лауазымы мен тегін көрсетіп) қол қояды, қойылған қол ҚР-дың шетелдегі мекемесінің, ҚР СІМ-нің немесе ҚР ІІМ АПО-нің мөрімен куәландырылады.

Визасы бар тізім бір данада жасалады, түпнұсқасы топ жетекшісіне беріледі. Бір көшірмесі Қазақстан Республикасына келу (кету) кезінде өткізу пунктіне тапсырылады, екіншісі – визаны берген ҚР СІМ-де, ҚР-дың шет елдердегі мекемесінде немесе ҚР ІІМ АПО-да қалады. Тізімге түзетулер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

33. Қазақстан Республикасы танымайтын мемлекеттің паспортын ұсынған адамға шақыру негізінде бір мәртелік виза беріледі және ол жеке параққа желімделеді.

Қазақстан Республикасынан шығу кезінде ҚР ҰҚК Шекара қызметінің өкілдері немесе визаның мерзімі біткеннен кейін ҚР ІІМ АПО өкілдері виза берген органға жіберу үшін парақ алынады.

34. "A1", "A2", "A3", "A4", "A5", "A6", "B7", "B10", "B12-1" (1 жылға дейін көп мәртелі) "C3", "C7" және "C9" санаттарындағы негізгі виза алушының отбасы мүшелеріне, асырауындағы адамдарға (растайтын құжаттар болған кезде) виза осы Қағидаларға сәйкес негізгі виза алушының визасының мерзіміне беріледі немесе ұзартылады. Бұл ретте, егер Қазақстан Республикасы Заңнамасына сәйкес басқа қарастырылмаса, отбасы мүшелері мен асырауындағы адамдар еңбек, діни, миссионерлік қызметті жүзеге асыруға немесе діни бірлестік қызметіне қатысуға құқылы емес.

35. Виза алушының паспортында пайдаланылмаған немесе қолданылу мерзімі аяқталмаған виза болған жағдайда, жаңа виза ол жойылғанда ғана беріледі.

36. Қазақстан Республикасы аумағында визаларды бір санаттан екінші санатқа өзгертуге рұқсат беріледі:

1) ҚР СІМ:

"A1" және "A3" санаттарына – вербалды нота немесе ҚР СІМ нұсқауы негізінде;

"A2" және "A4" – вербалды нота негізінде;

2) ҚР ІІМ АПО:

"A5" санатына – "B3", "B10", "C3", "C4", "C5" және "C10" санаттарынан;

"A6" санатына – "B3", "B9", "B10", "C3", "C4" және "C5" санаттарынан;

"B2" санатына (АХҚО қатысушылары мен органдарына) – "B3", "B7" және "C3" санаттарынан;

"B7" санатына – "C9" санатынан;

"B8" санатына – "C3", "C7" және "C11" санаттарынан;

"C1" санатына – тек этникалық қазақтар үшін бұрын берілген визаның санатына қарамастан;

"C2" санатына – "B10", "C3" және "C9" санаттарынан;

"C3" санатына – "B2", "B3", "B7" ("Астана Хаб" бағдарламалары бойынша оқытудан өтіп жатқан виза алушыларға), "B10", "C2", "C3" (жұмыс берушінің атынан шақырушы тарапты ауыстыру, егер мұндай рұқсат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін болса, еңбекші көшіп келушінің рұқсаты болған кезде қолдаухат негізінде), "C9" және "C10" санаттарынан;

"C4" санатына – "B10", "C2", "C9" және "C10" санаттарынан;

"C9" санатына – "C11" санатынан, этникалық қазақтар үшін бұрын берілген визаның санатына қарамастан, сондай-ақ визасыз режиммен келгендерге;

"C12" санатына – визаның барлық санаттарынан, сондай-ақ визасыз режиммен келгендерге.

37. Виза алушының жазбаша өтініші бойынша және толтырылған визалық сауалнаманың (бір мәртелі виза көрсетілген) және консулдық алымды төлеу (бір мәртелі визаға төленген) төлегенін растайтын төлем құжаты негізінде көп мәртелі виза бір мәртелі визаға өзгертіледі. Сонымен бірге, осы Қағидалардың 1-қосымшасында белгіленген визаның мерзіміне ауыстырылады.

Визаның қолданылу мерзімі шақыру құжаттарында көрсетілген мерзімнен аспауы тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушімен берілетін визаның мәртелігін бір мәртеліден ( шақыру құжаттарында көрсетілген) көп мәртеліге ("А1", "А3", "А5", "В7", "С2", "С3", " С4", "С5", "С7", "С9" және "С12" санаттарындағы визалардың мерзімдерін ұзартудан басқа) өзгертуге жол берілмейді.

38. Көрсетілетін қызметті беруші визаны ресімдеуге ұсынылған материалдарды зерделеу кезінде:

1) виза алушының Қазақстан Республикасына келу мақсатына байланысты визалық сауалнамадағы ақпарат мазмұнын шақырудағы, паспорттағы және виза алу үшін ұсынылған қосымша құжаттардағы көрсетілген мәліметтермен салыстырып тексереді;

2) виза алушының паспорты тұрақты тұратын еліне қайтуына немесе Қазақстан Республикасына барғаннан кейін басқа елге кетуіне құқық беретінін тексереді;

3) көші-қон қаупі бар елдерде виза алушының шақырушы тарапымен, жұмыс орнымен немесе оқу орнымен телефон арқылы әңгімелесу жүргізеді (қажет болған жағдайда);

4) егер ұсынылған құжаттар күмән тудыратын болса, виза алушыны әңгімелесуге шақырады. Әңгімелесу барысында виза алушының виза алу үшін ұсынған құжаттарында көрсетілген ақпаратпен, сондай-ақ басқа дереккөзден алынған мәліметтермен және сұрақтарға берген жауаптардың мазмұнымен салыстырып тексереді;

5) көшіп келушінің виза санатының, мәртелігінің, қолданылу мерзімінің және келу мерзімінің виза алушының Қазақстан Республикасына жоспарланған келу мақсатына сәйкестігін тексереді.

39. Визаларды беру, күшін жою, қалпына келтіру, қолданылу мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған кезде виза алушының еліндегі немесе тұрғылықты тұру жеріндегі саяси және көші-қон жағдайы ескеріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші визалық құжаттарды қарастыру барысында елінде немесе тұрғылықты тұру жерінде саяси және көші-қон жағдайларында тұрақсыздық байқалған виза алушымен әңгімелесу жүргізеді.

Келесі санаттағы визаларды алу мақсатында құжаттарды тапсырған, сондай-ақ электронды виза алушылармен әңгімелесу жүргізілмейді: "А1", "А2", "А3", "А4", "А5", "А6", "В10" (вербалды нотамен), "В12" (топтық визамен), "С3", "С10" (этникалық қазақтарға, бастапқы визаны ресімдеуде әңгіме жүргізіледі және алғашқы виза 1 (бір)

жылға дейін, ал қайта өтініш жасағанда әңгімелесусіз виза 3 (үш) жылға дейін беріледі) , "С11", "С12" және Қазақстан Республикасы аумағынан кетуге арналған визалар ("В14" – "В22").

40. Көрсетілетін қызметті беруші виза ресімдеуге материалдарды зерделеу нәтижесінде визаларды беру немесе виза беруден бас тарту туралы шешімді ҚР ҰҚК-мен келісілгеннен кейін қабылдайды.

41. Күнтізбелік 30 күнге ресімделетін "С1" санатындағы визадан басқа визаларды ресімдеу мерзімі 5 жұмыс күнінен аспайды.

42. Визалық құжаттар, соның ішінде вербалды ноталар және қолдаухаттар "Бүркіт" БАЖ арқылы келісіледі. "С11" санатындағы визалар және Қазақстан Республикасы аумағынан шығуға арналған визалар "Бүркіт" БАЖ-ға енгізу арқылы келісіледі.

ҚР ҰҚК визаларды ресімдеуді келісуді 3 жұмыс күні ішінде қамтамасыз етеді, қажет болған жағдайда көрсетілген мерзім 30 күнтізбелік күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

43. "Бүркіт" БАЖ-да мәліметтері жоқ виза жарамсыз болып саналады. "Бүркіт" БАЖ істен шыққан жағдайда визалық жапсырма қолмен толтырылады және "Бүркіт" БАЖ жұмысы қалпына келгенде берілген визаның мәліметтері оған енгізіледі. Сонымен қатар, уәкілетті қызметкер фирмалық бланкте және мөрмен бекітілген жоғарғы визаның берілгені туралы жазбаша растау хатын өтініш берушіге қоса береді.

44. Берілген визаларды есепке алу "Бүркіт" БАЖ-да тұрақты жүргізіледі.

ҚР СІМ, ҚР ІІМ және ҚР ҰҚК "Бүркіт" БАЖ-да ресімделген, берілген және келісілген визалар бойынша бірыңғай статистикалық деректер қалыптастырады.

45. Визаларға қол қою құқығы бар уәкілетті қызметкерлердің қол қою үлгілері ҚР СІМ-ге, ҚР ІІМ-ге, ҚР ҰҚК Шекара қызметіне үш данада жіберіледі.

## 4-тарау. Қазақстан Республикасы визаларының күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту тәртібі

46. Визаның күшін жоюды көрсетілетін қызметті беруші және ҰҚК Шекара қызметі осы Қағидаларда белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

Виза "Жойылды", "Аннулировано" немесе "Cancelled" мастикалық мөртабанын қою жолымен жойылады:

1) шет елдердегі мекемелерінде және ҚР СІМ-де:

егер жаңа виза беру кезінде паспортта қолданылу мерзімі аяқталмаған немесе пайдаланылмаған виза болса;

егер виза осы Қағидаларда белгіленген тәртіпті бұзушылықпен ресімделген болса;

виза беру шарттарының орындалуы немесе қолданылуы тоқтағаны анықталған болса;

егер визалық жапсырманы толтырған кезде қателіктерге жол берілген болса, паспортқа әлі желімделмегенде немесе оны паспортқа желімдеп қойғанда (визаның күші жойылғаннан кейін келесі бетке жаңа виза желімделеді);

2) ҚР ІІМ-інде және ҚР ІІМ АПО-да виза алушының Қазақстан Республикасына уақытша келуінің мерзімін қысқарту туралы шешім қабылданса; виза алушыны Қазақстан Республикасынан әкімшілік жолмен шығару туралы шешім қабылданса;

егер жаңа виза беру кезінде виза алушының паспортында қолданылу мерзімі аяқталмаған немесе пайдаланылмаған виза болса;

егер виза осы Қағидаларда белгіленген тәртіпті бұзу жолымен ресімделген болса;

виза беру шарттарының орындалуы немесе қолданылуы тоқтағаны анықталған болса;

егер визалық жапсырманы толтырған кезде қателіктерге жол берілген болса, паспортқа әлі желімделмегенде немесе оны паспортқа желімдеп қойғанда (визаның күші жойылғаннан кейін келесі бетке жаңа виза желімделеді);

жұмыс берушінің атынан шақырушы тарап ауысқан кезде;

ҚР ІІМ және ҚР ІІМ АПО "Бүркіт" БАЖ-ға енгізілген, виза алушыға Қазақстан Республикасына келуге шақыруды ресімдеген және оның күшін жою туралы өтініш білдірген жеке және заңды тұлғалардың ақпараты негізінде;

3) ҚР ҰҚК Шекара қызметінде:

кіргізуден бас тарту туралы шешім қабылданса;

Қазақстан Республикасының аумағына келуге шектеу болса;

Виза алушының шығуы кезінде визаның күшін жою туралы ҚР ІІМ АПО "Бүркіт" БАЖ-ға енгізілген ақпараттың негізінде, сондай-ақ визаның күшін бір уақытта жоя отырып, Қазақстан Республикасының аумағына кіргізуден бас тартылады.

47. Виза осы Қағидалардың 46-тармағында көрсетілген себептермен бүлінген күші немесе жойылған жағдайда, паспорттан (егер визалық жапсырма паспортқа жапсырылған болса) фотосурет пен паспорт деректері бар беттің, сондай-ақ бүлінген немесе күші жойылған виза бар беттің көшірмесі алынады.

Әрбір бүлінген күші, жойылған немесе жоғалған визалық жапсырма туралы осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша күші жойылған, бүлінген немесе жоғалған бланктер туралы акт жасалады.

48. Визаны қалпына келтіруді көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларда белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

Визалар келесі жағдайларда қалпына келтіріледі:

1) визаны одан әрі пайдалану мүмкін болмайтын механикалық бүлінген жағдайда;

2) виза жоғалғанда;

3) егер жарамды визасы бар виза алушы жаңа паспорт алғанда.

Шет елдердегі мекемелері, Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге арналған санаттардағы визаларды қоспағанда, барлық санаттағы визаларды қалпына келтіреді.

ҚР СІМ мен ҚР шет елдердегі мекемелері берген визалардың барлығын ҚР СІМ қалпына келтіреді.

ҚР ІІМ АПО "А1", "А2", "А3", "А4", "А6" санаттарындағы визаларды қоспағанда, барлық санаттағы визаларды виза алушының уақытша тұру орны бойынша қалпына келтіреді. ҚР ІІМ АПО "А5" санатындағы визаны виза алушының нақты тұрған жерінде қалпына келтіреді.

"Бүркіт" БАЖ-ды пайдалану арқылы визаның берілу негізін тексергеннен кейін және оның берілу фактісі расталғаннан кейін виза алушының немесе шақырушы тараптың қолдаухатының негізінде виза алушының бүлінген визасындағы сол санатын, мәртелігін, болу кезеңі мен оның қолданылу мерзімін көрсете отырып жаңа виза беру жолымен визаны қалпына келтіру жүзеге асырылады.

49. Визаларды ұзартуды ҚР СІМ және ҚР ІІМ АПО жүзеге асырады.

Визалардың қолданылу мерзімдері осы Қағидалардың 51 және 52-тармақтарында көрсетілген құжаттарды және Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзарту қажеттілігін растайтын құжаттарды ұсыну негізінде немесе форс-мажорлық жағдайларға байланысты ұзартылады.

Визаның қолданылу мерзімін ұзарту сол санаттағы визаны беру жолымен жүргізіледі.

50. Шет мемлекеттердің сыртқы саяси ведомстволарының, дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, халықаралық ұйымдардың және олардың өкілдіктерінің шақыруы бойынша ҚР аумағына келген адамдарға – аталған ұйымдардың жазбаша өтініштері негізінде – ҚР СІМ "А1", "А2" ( бір мәртелі виза 90 (тоқсан) күнтізбелік күнге дейін), "А3" және "А4" (бір мәртелі виза 90 (тоқсан) күнтізбелік күнге дейін) санаттарындағы визаларды ұзартады.

"А2" мен "А4" санаттарындағы визалардан басқа визалардың қолданылуын 1 (бір) жылға дейін мерзімге ұзарту жүзеге асырылады.

51. ҚР ІІМ АПО мынадай санаттағы визаларды ұзартады:

1) "А5" – шақырушы тараптың қолдаухаты және инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның жазбаша растауы немесе АХҚО әкімшілігінің қолдаухаты негізінде. Визаның қолданылуын 3 (үш) жылға дейінгі мерзімге ұзарту жүзеге асырылады. АХҚО инвестициялық резиденттері және олардың отбасы мүшелері визасының қолданылуын ұзарту 5 (бес) жылға дейінгі мерзімге жүзеге асырылады;

2) "А3" – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының шақыруы бойынша ҚР аумағына келген адамдарға – Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының жазбаша өтініші негізінде;

3) "В2" – алғашқы визаны алуға шақыру ресімдеген және Қазақстан Республикасына келу мақсаты көрсетілген шақырушы тараптың қолдаухаты негізінде. Визаның қолданылуын 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін ұзарту жүзеге асырылады;

4) "B7" – бұрын шақыру ресімдеген шақырушы тараптың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы орталық атқару органдарының немесе "Астана Хаб" қолдаухаттары негізінде. Визаның қолданылуын 90 (тоқсан) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге ұзарту жүзеге асырылады;

5) "B8" және "B9" – Қазақстан Республикасында тұрақты тұру рұқсатын ресімдеуге арналған құжаттарды тапсырғаннан кейінгі қолдаухат негізінде. Визаның қолданылуын 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін ұзарту жүзеге асырылады;

6) "B12-1" (бір жылға дейін көп мәртелік) – өтініш берушінің өтінішхаты негізінде 1 (бір) жылға дейін

7) "B21" – алдын ала тергеу жүргізіп жатқан органның немесе қылмыстық іс қаралып жатқан соттың жазбаша өтініші негізінде – алдын ала тергеу не сот тыңдауын аяқтауға қажетті мерзімге беріледі. Визаның қолданылуын ұзарту 180 (жүз сексен) күнтізбелік күннен аспауы тиіс;

8) "C1" – арызданушының қолдаухаты негізінде 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге;

9) "C2" – Көші-қон туралы заңында анықталған мерзімдерге шақырушы тараптың жазбаша өтініші негізінде мынадай құжаттар болған кезде:

шақырушы адамда отбасының әрбір мүшесін ұстауға кемінде айына Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген ең төменгі еңбекақы көлеміндегі ақшаның болуын растауы;

шақырушы адамның "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында алаңы отбасының әрбір мүшесіне белгіленген ең төменгі нормативтерге сәйкес келетін тұрғын үйдің болуын растауы;

шақырушы адамның отбасы мүшелері үшін медициналық сақтандырудың болуы;

Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органдары ұсынған шақырушы адаммен отбасылық қарым-қатынастарды растайтын құжаттардың нотариатты түрде куәландырылған көшірмелері;

10) "C3" – бұрын алғашқы визаны алуға шақыру ресімдеген және, егер мұндай рұқсат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін болса, еңбекші көшіп келушінің рұқсатнамасы болған кезде, шақырушы тараптың қолдаухаты негізінде.

Еңбек қызметі Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінде жүзеге асырылған жағдайда шақырушы тарап еңбекші-көшіп келушіні іссапарға жіберу туралы бұйрықты ұсынады (не шарт немесе келісімшарт).

"C3" санатындағы визаның қолданылу мерзімін ұзарту рұқсаттың жарамдылық мерзіміне, бірақ 3 (үш) жылдан артық емес (АХҚО қатысушылары мен органдарына, " Астана Хаб" қатысушыларының жұмыскерлеріне немесе "Астана Хаб" жұмыскерлеріне – 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге) мерзімге жүзеге асырылады;

11) "С4" – қолдаухат және заңды тұлғамен жасалған еңбек шарты негізінде – Қазақстан Республикасының резидентімен біліктілік сәйкестігі туралы анықтамада көрсетілген мамандық бойынша. Визаның қолданылу мерзімін ұзарту еңбек шартының қолданылу мерзіміне, бірақ 3 (үш) жылдан артық емес мерзімге жүзеге асырылады;

12) "С5" – Қазақстан Республикасының астанасының, республикалық маңызы бар қалаларының, облыстарының және оның аудандарының жергілікті атқарушы органдарының жазбаша өтініштері негізінде. Визаның қолданылуын ұзарту 2 (екі) жылға дейінгі мерзімге жүзеге асырылады;

13) "С7" – діни қызмет саласын жүзеге асыратын уәкілетті органдағы мекемемен келісілген Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген діни бірлестіктің жазбаша өтініші негізінде. Визаның қолданылуын ұзарту 180 (жүз сексен) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге жүзеге асырылады;

14) "С9" – Қазақстан Республикасында тіркелген оқу орнының немесе білім саласындағы уәкілетті органның қолдаухаты негізінде. Визаның қолданылуын 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге немесе жазғы демалыс кезеңінде 90 (тоқсан) күнтізбелік күнге дейінгі ұзарту жүзеге асырылады;

15) "С12" – Қазақстан Республикасы азаматтарының, не болмаса Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтағы жоқ адамдардың тұрақты күтім қажеттілігін растайтын, Қазақстан Республикасының медициналық ұйымдарында емделіп жатқан немесе жақын туыстарына тұрақты күтім қажеттілігін растайтын Қазақстан Республикасының медициналық ұйымдары берген құжаттар бар болғанда қолдаухат немесе ҚР ІІМ нұсқауының негізінде. Визаның қолданылу мерзімін ұзарту емделуге қажет мерзімге, бірақ 1 (бір) жылдан артық емес мерзімге жүзеге асырылады.

52. "В2" санатындағы визаның қолданылу мерзімі бір рет ұзартылады.

53. Визаны ұзарту туралы өтінішті бастапқы визаны алуға, "С4", "С5" және "С9" санатындағы визаны қоспағанда, шақыру ресімдеген шақырушы тарап бере алады.

Визаны ұзартуға құжаттар 30 (отыз) жұмыс күнінен ерте емес және қолданыстағы визаның мерзімі аяқталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

54. Осы Қағидаларда көзделген жағдайлардан басқа визалардың қолданылу мерзімдері ұзартылмайды.

55. Визаның қолдану мерзімі осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкес қысқартылады.

56. Көші-қон туралы заңның 48-бабымен белгіленген жағдайларда шақырушы тарапқа шақыру ресімдеуге, сонымен қатар виза алушыға виза беруден бас тартылады.

57. Паспортта келісілмеген өшірулер мен түзетулер, мөрмен басылмаған фотосуреттер және жыртылған беттер анықталған кезде мұндай құжаттардың иелеріне виза берілмейді.

58. Бұрын шақырылған көшіп келушілердің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауларын қамтамасыз етпеген жеке және заңды тұлғалардың тізімі, сондай-ақ Қазақстан Республикасына келуге тыйым салынған виза алушыларды ҚР ҰҚК және ҚР ІІМ АПО "Бүркіт" БАЖ-ға енгізеді.

## 5-тарау. Көрсетілетін қызмет берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғалардың, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

59. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шағымның қаралуын жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды шағым қарайтын органға жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті алушыдан көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағым "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті алушыдан шағымды қарайтын органның атына келіп түскен шағым тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жүгінуге жол беріледі.

Шетелдіктер мен азаматтығы<br>жоқ адамдардың<br>Қазақстан Республикасына<br>келуіне шақыруларын ресімдеу,<br>шақыруларын келісу,<br>Қазақстан Республикасының<br>визаларын беру, күшін жою,<br>қалпына келтіру, сондай-ақ<br>олардың қолданылу мерзімдерін<br>ұзарту және қысқарту<br>қағидаларына<br>1-қосымша

**Алушылар, санаты, мәртелігі, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу мерзімі, болу кезеңі, виза беру үшін негіздер мен қажетті құжаттар**

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 03.10.2025 № 11-1-4/584 және ҚР Ішкі істер министрінің 06.10.2025 № 749 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

| р/с № | Виза санаты | Виза алушылар | Визаның мәртелігі | Визаның қолданылу мерзімі | Болу кезеңі | Виза беру негізі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| "А" санаты | | | | | | |
| Дипломатиялық виза | | | | | | |
| 1. | А1 | 1) шет мемлекеттердің, үкіметтердің, дипломатиялық мәртебеге теңестірілген халықаралық ұйымдардың басшылары мен олардың отбасы мүшелері; 2) шет мемлекеттердің парламенттерінің, үкіметтерінің, дипломатиялық мәртебеге теңестірілген халықаралық ұйымдардың мүшелері мен олардың | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | Визаны Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – ҚР шет елдердегі мекемелері) және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | отбасы мүшелері – дипломатиялық паспорт иелері, сондай-ақ ресми шетелдік делегациялар мүшелері мен олармен бірге жүретін адамдар – дипломатиялық паспорт иелері; 3 ) Қазақстан Республикасының құрметті консулдары мен олардың отбасы мүшелері; 4 ) Қазақстан Республикасына қызметтік сапармен жіберілетін дипломатиялық паспорттардың, сондай-ақ дипломатиялық агенттерге теңестірілген мәртебесі бар халықаралық | көп мәртелік | 1 жылға дейін | виза қолданылуының | әрі – ҚР СІМ) келесі құжаттардың бірінің негізінде береді: ҚР СІМ нұсқауы; вербальдық нота; шақыру. Визаны Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің ( бұдан әрі – ҚР ІІМ) шақыру негізінде береді. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ұйымдар паспорттарының иелері;<br>5) дипломатиялық поштаны тасымалдайтын дипломатиялық курьерлер – курьерлік парағы болған кезде дипломатиялық паспорттардың иелері. | | | барлық кезеңіне | |
| | | Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдердің дипломатиялық агенттері, шетелдік консулдық мекемелердің консулдық лауазымд | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | Визаны ҚР шетелдердегі мекемелері немесе ҚР СІМ келесі құжаттардың бірінің негізінде береді: вербалдық нота (шақырылатын адамның тағайындалған лауазымы, ал ротация болған жағдайында орнына тағайындалған қызметкердің лауазымы, тегі және аты көрсетілге |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. | A2 | ы адамдары, халықаралық ұйымдар мен өкілдіктердің Қазақстан Республикасына жұмысқа жіберілетін қызметкерлері, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің құрметті консулдары мен олардың отбасы мүшелері. | көп мәртелік | 180 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | н); шақыру. Визаны ҚР ІІМ шақыру негізінде береді. ҚР аумағында виза алушы ҚР СІМ-де аккредиттеуден өтеді. ҚР СІМ-дегі аккредиттеудің қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін (немесе аккредиттеуден бас тартқан жағдайда) Қазақстан Республикасынан шығу үшін бір мәртелік виза 90 күнтізбелік күнге дейін беріледі. |
| Қызметтік виза | | | | | | |
| | | 1) ресми шетелдік делегация мүшелері, олармен бірге жүретін адамдар және олардың отбасы мүшелері; | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2 ) Қазақстан Республикасына жіберілетін (ҚР СІМ-мен келісім бойынша) және Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері;<br>3 ) Қазақстан Республикасына қызметтік сапармен жіберілетін шет мемлекеттердің әскери қызметкерлері;<br>4) "А2" және "А4" санаттарындағы визаға үміткер адамдардың қамқорлығындағы адамдар.<br>5 ) дипломатиялық агенттерге теңестірілген мәртебесі жоқ халықарал | | | | Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері және ҚР СІМ келесі құжаттардың бірінің негізінде береді:<br>ҚР СІМ нұсқауы;<br>вербалдық нота; |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3. | A3 | | ы қ ұйымдар паспорттарының иелері, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда жұмыс істейтін, ұлттық паспорт иелері мен олардың отбасы мүшелері; 6 ) Қазақстан Республикасына қызметтік сапармен жіберілетін қызметтік паспорттар иелері; 7) егер дипломатиялық паспорттары болмаса және курьерлік парағы болған кезде, дипломатиялық пошта тасымалдайтын дипломатиялық курьерлер; 8 ) шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық | көп мәртелік | 1 жылға дейін | виза қолданылуының | шақыру; мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтарының қолдаухаты. Визаны ҚР ІІМ шақыру негізінде береді. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін виза аккредиттеудің қолдану мерзіміне беріледі/ ұзартылады. Бір мәртелік электрондық виза шақыру негізінде визалық көші-қон порталы ( бұдан әрі – ВКП) арқылы беріледі. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | мекемелердің, халықаралық ұйымдардың және олардың өкілдіктерінің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына іссапарға жіберілетін адамдар; | | | барлық кезеңіне | |
| | | | 9) ғарыш кеңістігіне ұшу үшін Қазақстан Республикасына баратын және ғарыш кеңістігінен Жерге оралатын ғарышкерлер мен астронавттар. | көп мәртелік | 3 жылға дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | |
| | | | әкімшілік-техникалық және дипломатиялық өкілдіктер | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері немесе ҚР СІМ келесі құжаттардың бірінің негізінде береді: вербалдық нота (шақырыла |
| | | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4. | A4 | | персоналына қызмет көрсететін мүшелер, халықаралық ұйымдардың немесе олардың өкілдіктерінің қызметкерлері, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің консулдық мекемелері персоналына қызмет көрсететін консулдық қызметшілер, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері. | көп мәртелік | 180 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының | тын адамның тағайындалған лауазымы, ал ротация болған жағдайында орнына тағайындалған қызметкердің лауазымы, тегі және аты көрсетілген); шақыру. Визаны ҚР ІІМ шақыру негізінде береді. ҚР аумағында виза алушы ҚР СІМ-де аккредиттеуден өтеді. ҚР СІМ-дегі аккредиттеудің қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін (немесе аккредиттеуден бас тартқан жағдайда) Қазақстан Республикасынан шығу үшін бір мәртелік виза 90 күнтізбелік күнге |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | барлық кезеңіне | дейін беріледі. |
| Инвесторлық виза | | | | | | |
| | | Қазақстан Республикасының аумағындағы инвестициялық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың басшылары және (немесе) басшыларының орынбасарлары, және (немесе) құрылымдық бөлімше басшылары, "Астана халықаралық қаржы орталығы" (бұдан әрі - АХҚО) инвестициялық салық резиденттігінің бағдарламасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ олардың | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері шақыру негізінде береді. Визаны ҚР ІІМ шақыру немесе Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның қолдаухаты бар болғанда шақырушы тараптың қолдаухаты немесе АХҚО әкімшілігінің қолдаухаты негізінде береді. Бір мәртелік электрондық виза шақыру негізінде ВКП |
| | | | көп мәртелік | 5 жылға дейін | виза қолданылуының | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. | A5 | отбасы мүшелері. | | | барлық кезеңіне | арқылы беріледі. |
| 6. | A6 | Қазақстан Республикасының экономикасына 300 мың АҚШ долларынан астам инвестиция салған шетелдік кәсіпкерлер. | көп мәртелік | 10 жылға дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | Визаны ҚР шетелдердегі мекемелері шақыру негізінде береді. |
| "B" санаты | | | | | | |
| Іскерлік сапарға арналған виза | | | | | | |
| | | 1) конференцияларға, симпозиумдарға, форумдарға, көрмелерге, концерттерге, мәдени, ғылыми және басқа да іс-шараларға қатысушылар; 2) жиындардың, дөңгелек үстелдердің ұйымдастырушылары, көрмелердің, сарапшылар жиналысына қатысушылар; | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | 60 күнтізбелік күнге дейін | Визаны ҚР шетелдердегі мекемелері келесі құжаттардың бірінің негізінде береді: ҚР СІМ нұсқауы; вербалдық нота; шақыру; мемлекеттер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7. | B1 | 3) гуманитарлық көмекті алып жүретін адамдар;<br>4) оқу орындарында дәрістер оқу және сабақтар жүргізу мақсатында келетін адамдар;<br>5) Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде оқуды қоспағанда, жастардың, студенттердің және оқушылардың алмасу бағдарламаларына қатысушылар;<br>6) спорт іс-шараларға қатысушылар. | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | 60 күнтізбелік күнге дейін | тізімінде көрсетілген елдердің азаматтарының қолдаухаты.<br>Визаны ҚР ІІМ шақыру негізінде береді.<br>Бір мәртелік электрондық виза шақыру негізінде ВКП арқылы беріледі. |
| | | | көп мәртелік | 1 жылға дейін | әрбір келу кезінде 60 тәуліктен артық емес | |
| | | 1) жабдықты монтаждау, жөндеу және оларға техникалық қызмет | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | 30 күнтізбелік күнге дейін | Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері шақыру негізінде береді.<br>Визаны ҚР ІІМ шақыру немесе АХҚО |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. | B2 | көрсету мақсатында келетін адамдар; 2 ) консультациялық немесе аудиторлық қызметтер көрсету мақсатында келетін адамдар. | көп мәртелік | 180 күнтізбелік күнге дейін | 90 күнтізбелік күнге дейін | қатысушыларының немесе органдарының қолдаухаты негізінде береді. Бір мәртелік электрондық виза шақыру негізінде ВКП арқылы беріледі. |
| | | 1 ) келіссөздер жүргізуге, келісімшарттар жасасуға келетін адамдар; | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | 30 күнтізбелік күнге дейін | Визаны ҚР-дың шет елдердегі мекемелері келесі құжаттардың бірінің: ҚР СІМ нұсқауы; вербалдық нота; шақыру; мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтарының қолдаухаты; ҚР-дың шет елдердегі мекемелері басшыларының жазбаша нұсқауы негізінде береді. ҚР ІІМ визаны шақыру |
| | | 2 ) индустрияландыру және инвестициялар салаларындағы ынтымақтастық аясындағы келіссөздер жүргізуге, келісімшарттар жасасуға келетін адамдар; | көп мәртелік | 1 жылға дейін | әрбір келу кезінде 30 тәуліктен | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9. | В3 | 3 ) құрылтайшылар немесе директорлар кеңесінің мүшелері. | | | артық емес | немесе шақырушы тараптың қолдаухаты негізінде береді. Бір мәртелік электрондық виза шақыру негізінде ВКП арқылы беріледі. |
| Халықаралық автомобильдік тасымалдарын жүзеге асыруға арналған виза | | | | | | |
| | | | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | 30 тәуліктен артық емес | Визаны ҚР шетелдердегі мекемелері келесі құжаттардың негізінде береді: |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 10. | B4 | халықаралық автомобильдік тасымалдарды жүзеге асыратын адамдар. | көп мәртелік | 1 жылға дейін | әрбір келу кезінде 30 тәуліктен артық емес | 1) қолдаухат; 2) Қазақстан Республикасының аумағымен автокөлік құралдарының жүруіне рұқсат беретін құжаттар (рұқсат беру бланкісі); 3) халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру рұқсатының көшірмесі; 4) жүргізуші куәлігінің көшірмесі; 5) көлік құралының құжаттары. Виза алушы, алынған санаттағы визаға сәйкес көлікпен ғана Қазақстан Республикасының аумағына кіруді және шығуды жүзеге асырады. |
| Әуе, теңіз, өзен кемелері экипаждары мен поезд бригадаларының мүшелеріне арналған виза | | | | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. | B5 | Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) тиісті куәлігі жоқ, тұрақты және чартерлік әуе рейстері ұшақтарының мүшелері, пойыз бригадаларының, сондай-ақ теңіз және өзен кемелері экипаждарының мүшелері болып табылатын адамдар. | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | 30 тәуліктен артық емес | Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері және ҚР ІІМ қолдаухат негізінде береді (жазбаша өтініш және Қазақстан Республикасының аумағымен жүруіне рұқсат беретін құжаттар): Пойыз бригадаларының мүшелері алынған санаттағы визаға сәйкес көлікпен ғана Қазақстан Республикасының аумағына кіруді жүзеге асырады. |
| | | | көп мәртелік | 1 жылға дейін | әрбір келу кезінде 30 тәуліктен артық емес | |
| Діни іс-шараларға қатысуға арналған виза | | | | | | |
| 12. | B6 | Қазақстан Республикасына діни бірлестіктің іс-шараларына қатысу үшін (миссионерлік қызметті қоспағанд | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | 30 тәуліктен артық емес | Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері шақыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | а ) жіберілеті н адамдар. | | | | негізінде береді. |
| Оқу практикасынан немесе тағылымдамадан өтуге арналған виза | | | | | | |
| 13. | B7 | оқу практикасынан немесе тағылымдамадан өту үшін, соның ішінде "Астана Хаб" және АХҚО бағдарламалары бойынша оқудан өту үшін Қазақстан Республикасына жіберілетін адамдар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері. | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | Визаны ҚР-дың шет елдердегі мекемелері және ҚР ІІМ шақыру негізінде береді. Визаны ҚР ІІМ "Астана Хаб" шақыруы немесе қолдаухаты негізінде береді. |
| | | | көп мәртелік | 180 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | |
| Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған виза | | | | | | |
| | | 1 ) Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатты алу үшін Қазақстан Республикасына баратын адамдар; | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | Визаны ҚР-дың шет елдердегі мекемелері Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатты алу үшін Қазақстан Республикасына баратын (ҚР ІІМ-мен келісусіз), шетелдіктер мен |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 14. | B8 | 2) Визасыз келу тәртібі туралы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар бар елдерден, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысымен бекітілген Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуі қағидаларының 17-тармағында көрсетілген мемлекеттерден Қазақстан Республикасына келген және ішкі істер | көп мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының | азаматтығы жоқ адамдардың этникалық қазақтардан басқа қолдаухаттары негізінде береді. ҚР ІІМ визаны визасыз келу тәртібі туралы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар бар елдерден, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысымен бекітілген Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуі қағидалар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | органдарын а Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсатты алу үшін жүгінген адамдар. | | | барлық кезеңіне | ының 17-тармағында көрсетілген мемлекеттерден (14 күнге дейінгі мерзімге визасыз режимі бар елдерді қоспағанда) Қазақстан Республикасына келген, сондай-ақ С 3 санатындағы қолданыстағы визасы бар шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдардың қолдаухаты негізінде береді. |
| | | | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | Визаны ҚР-дың шет елдердегі мекемелері келесі құжаттардың негізінде береді: 1) қолдаухат; 2) "Қазақстан Республикасында шетелдікт |
| | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 15. | В9 | | Талап етілетін кәсіптергеи е тұлғалар. | | | | ердің тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін талап етілетін кәсіптердің тізбесін және оны қалыптастыру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 49 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 41938 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 49 бұйрығы) бұйрығының 2 қосымшада көрсетілген талап етілетін кәсіптердің тізбесіне сәйкес білім туралы дипломны | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | көп мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне; виза 1 жыл ішінде 1 | ң көшірмесі. Визаны ҚР ІІМ келесі құжаттардың негізінде береді: 1) қолдаухат; 2) шетелдіктердің тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін № 49 бұйрығының 2 қосымшада көрсетілген талап етілетін кәсіптердің тізбесіне сәйкес білім туралы дипломның көшірмесі. Бұл виза Қазақстан Республикасының аумағында визасыз келу тәртібі туралы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар бар елдерден, Қазақстан |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | рет беріледі. | Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысымен бекітілген Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуі қағидаларының 17 тармағында көрсетілген мемлекеттерден Қазақстан Республикасына келген шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ адамдарға да беріледі. |
| 16 | | талап етілетін кәсіптергеие Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға | бір мәртелік | | | Бір мәртелік электрондық виза шақыру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | рұқсатты алу үшін Қазақстан Республикасына баратын тұлғалар | | | | негізінде ВКП арқылы беріледі. |
| | B9-1<br>Digital Nomad Visa | | көп мәртелік | 1 жылға дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | Визаны ҚР ІІМ Қазақстан Республикасының ақпараттандыру жөніндегі уәкілетті органның қолдаухаты бар болғанда шақырушы тараптың қолдаухаты, сондай-ақ бұрын рәсімделген бір мәртелі визаның негізінде береді. |
| Жеке сапарға арналған виза | | | | | | |
| | | 1) Қазақстан Республикасына жеке істер бойынша келетін адамдар;<br>2) мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтары;<br>3) растайтын құжаттар | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері келесі құжаттард |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 17. | B10 | | бар болған кезде Қазақстан Республикасына жақын туыстарының / жақындарының жерлеуіне немесе ауырған жағдайда бара жатқан адамдар;<br>4 ) Қазақстан Республикасының азаматтарымен Қазақстан Республикасына бірге кіретін жұбайлары , балалары ( оның ішінде асырап алынған балалары) немесе ата-аналары ( қорғаншылары, қамқоршылары)( туыстығын растайтын құжаттар болған кезде);<br>5 ) этникалық қазақтармен Қазақстан | көп мәртелік | 180 күнтізбелік күнге дейін | әрбір кіру кезінде 90 тәуліктен артық емес | ың бірінің негізінде береді: вербалдық нота; шақыру; қолдаухат осы Қағидаларға 1-қосымшаның 14 тармағының (2), 3), 4), 5) және 6 ) тармақшаларында көрсетілген адамдар).<br>Визаны ҚР СІМ вербалдық нота негізінде береді.<br>Визаны ҚР ІІМ келесі құжаттардың бірінің негізінде береді: шақыру; қолдаухат осы Қағидаларрға 1-қосымшаның 14-тармағының 3)-тармақшасында көрсетілген адамдар).<br>Бір мәртелік электрондық виза шақыру негізінде |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Республикасына бірге кіретін (этникалық қазақ болып саналмайтын) жұбайлары, балалары; | | | | ВКП арқылы беріледі. |
| | | 6) бұрынғы отандастар. | көп мәртелік | 3 жылға дейін | | |
| Қазақстан Республикасының азаматтарын асырап алуға арналған виза | | | | | | |
| 18. | B11 | Қазақстан Республикасының азаматтарын асырап алу үшін жіберілетін адамдар. | бір мәртелік | 180 күнтізбелік күнге дейін | 120 тәуліктен артық емес | Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері және ҚР ІІМ шақыру негізінде береді. |
| | | | көп мәртелік | 1 жылға дейін | әрбір кіру кезінде 120 тәуліктен артық емес | |
| Туристік мақсатпен келетін виза | | | | | | |
| 19. | B12 | Қазақстан Республикасына турист ретінде жіберілетін адамдар. | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | 30 тәуліктен артық емес | Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері келесі құжаттардың бірінің негізінде береді: шақыру; Осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтарының |
| | | | көп мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | әрбір кіру кезінде 30 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тәуліктен артық емес | қолдаухаты. Визаны ҚР ІІМ шақыру негізінде береді. Бір мәртелік электрондық виза шақыру негізінде ВКП арқылы беріледі. |
| 20. | B12-1 Neo Nomad Visa | қашықтықтан жұмыс істейтін және шетелдік көздерден тұрақты табысы бар тұлғалар | көп мәртелік | 1 жылға дейін | виза қолданылуының барлық кезеңіне | Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері шақыруының негізінде келесі құжаттар бар болғанда береді: 1) 3000 АҚШ долларынан асатын тұрақты айлық кірісті растайтын өткен 6 айдағы банктік үзінді көшірме; 2) азаматтығына тиесілі мемлекетінің құзыретті органы берген салық декларациясы; |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 3) соттылықтың жоқтығын растайтын тұрақты тұру мемлекетінің немесе азаматтығына тиісті мемлекеттің уәкілетті органының берген құжаты;<br>4) сұралған виза мерзімін қамтитын медициналық сақтандыру. |
| Транзитпен өту үшін виза | | | | | | |
| | | | бір мәртелік | 90 күнтізбелік күнге дейін | бір бағытта 5 тәулік ішінде | Визаны ҚР шет елдердегі мекемелері және ҚР ІІМ қолдаухат негізінде: жол жүру құжаттары, ресімделген виза немесе баратын елге кіру құқығын беретін басқа негіздер; жолда жүру құжаттары, ресімделген виза, |
| | | | көп мәртелік | 180 күнтізбелік күнге дейін | бір бағытта 5 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 21. | B13 | Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өту үшін Қазақстан Республикасына жіберілетін адамдар. | | | тәулік ішінде | сондай-ақ жеке көлік құралымен жүретін осы адамның жүргізуші куәлігі және көлік құралын басқару құқығын растайтын құжаттар бар болған жағдайда береді. |
| Қазақстан Республикасының аумағынан шығуға арналған виза | | | | | | |
